

Глоссарий

Карьер - ашық тау-кен жұмыстары жүргізілетін жер бетінің учаскесі.

Кенорнын ашу - бұл дайындық қазбаларын жүргізуге мүмкіндік беретін күрделі кен қазбаларын жүргізу арқылы Жер бетінен кенорнынның әртүрлі учаскелеріне көлік қатынасын қамтамасыз ету.

Кенорнын пайдалануға дайындау - бұл жер бетін табиғи, жасанды кедергілерден тазарту және карьер (шахты) алаңын құрғату үшін жүргізілетін жұмыстар кешені.

Карьер алаңы - бір карьермен қазып алынатын кенорны немесе оның бір бөлігі.

Тау-кен құрылыстық жұмыстары - карьерді салу кезеңінен бастап, оны тұтынуға қосқанға дейін жүргізілген күрделі кен жұмыстары.

Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесі – бұл Жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды қазып алуға арналған карьер алаңындағы жүргізілген дайындық, аршу және өндіру қазбаларының өзара байланысты және өзара тәуелді жиынтығы.

Құрылым - элементтер мен оларды бір бүтінге біріктіру тәсілдерінің жиынтығы.

Аршу коэффициенті - бұл кенорындарын игерудің ашық әдісімен өндірілетін пайдалы қазбалардың көлеміне алынатын бос жыныстар көлемінің (аршынды жыныстар) қатынасы.

Тұтас игеру жүйелері - жазық және жайпақ сілемдерді игеру жүйелері карьерді пайдалану кезеңінде тек аршу және өндіру жұмыстарын жүргізу тәртібімен және кезегімен, жұмыс шебінің ұзындығының немесе жеке кемерлер биіктігінің және жұмыс алаңдары өлшемдерінің өзгеруімен сипатталады.

Тереңдейтін игеру жүйелері - көлбеу және күрт сілемдер кезіндегі игеру жүйесі аршу, өндіру және тау-кен дайындық жұмыстарын жүргізу тәртібімен сипатталады.